

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
ЖҰМЫС ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ РЕГЛАМЕНТІ**

БІРІНШІ БӨЛІМ

Мақсаты, қолдану аясы, негізdemесі және қысқартылған сөздер

Мақсаты және қолдану аясы

1-бап. (1) Осы регламенттің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі және ережелерін реттеу болып табылады.

Негізdemе

2-бап. (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5 (е,1 тармақтары) және 6-баптарына сәйкес дайындалды.

Қысқартылған сөздер

3-бап. (1) Осы регламентте қолданылатын қысқартылған сөздер төмендегідей:

a) Тексеру комиссиясы: Университеттің басқару, қаржы және академиялық жұмыстарын тексеру үшін Өкілетті Кеңес тарапынан тағайындалатын және Тарап мемлекеттер тарапынан әр тараптан үш кісіден тұратын комиссия,

b) Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі,

c) Өкілетті Кеңес тәрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес тәрағасы,

d) Тараптар мемлекеттер: Казақстан Республикасы және Турция Республикасы,

e) Жарғы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы,

f) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мағынасын білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Тағайындау, қызмет міндеттері, құзыреттер және жауапкершіліктер

Тағайындау

4-бап. (1) Тексеру комиссиясының мүшелері Жарғы ережелеріне сәйкес Тараптар мемлекеттер тарапынан анықталған, жоғары білімі бар әр тараптан үш мүшеден күралады және Өкілетті Кеңес тарапынан үш жылдық мерзімге тағайындалады. Мерзімі аяқталған мүшелер қайтадан осы қызметке тағайындалуы мүмкін. Кез келген себеппен босаған мүше орнына дәл сол тертіппен тағайындау



жасалады және осы тәртіппен тағайындалған мүше, орнына тағайындалған мүшенің қызмет мерзімін аяқтайды. Өкілетті Кеңес төрағасы мүшелікке тағайындау және мерзімі аяқталған мүшелердің қайтадан осы қызметке тағайындалуы туралы ұсыныс бере алады. Тараптар мемлекеттер, екі мүшени мемлекеттік қаржы және бақылау жұмыстарында тәжірибелі тұлғалар арасынан, біреуін академиялық бақылау жұмыстарында тәжірибелі тұлғалар арасынан таңдайды.

Қызмет міндеттері, құқықтар және жауапкершіліктер

5-бап. (1) Тексеру комиссиясы

- a) Өкілетті Кеңеске бағынышты және жауапты болып жұмыс істейді.
 - b) Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан тағайындалған комиссия төрағасы комиссия өкілі болып табылады. Комиссия төрағасы комиссия жұмыстарының жүргізуі мен басқаруына жауапты.
 - c) Тексеру ағымдағы жыл ішінде Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан белгіленген мерзімде, орнында және түпнұсқа құжаттар негізінде жылына бір рет еткізіледі.
 - d) Басқару, қаржылық және академиялық жұмыстар университетке қатысты халықаралық келісімдер, Жарғы, регламенттер, Өкілетті Кеңес шешімдері және арнайы ереже болмаған жағдайда жалпы ережелерге сәйкестігі жағынан бағаланады, осы мақсатта жасалынған кездесулер, жазысулар және есептер құпиялы ұстайды.
 - e) Тексеру есебінің бір көшірмесі бір ай ішінде Турция Республикасы Ұлттық білім министрлігіне, Турция Республикасы Жоғары оқу кеңесінің басқармасына, Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Өкілетті Кеңес Басқармасына жіберіледі.
- (2) Тексеру комиссиясы қаржылық және академиялық жұмыстар үшін екі бөлек есеп дайындауды. Қаржы есебі қаржылық тексерушілерден Тарап мемлекеттерден кем дегенде бір мүшениң, академиялық есеп академиялық тексерушілерден бір мүшесінің қолымен жарамды болып табылады. Кез келген бір мәселеде өзгеше пікірде болған комиссия мүшесі немесе мүшелері жеке есеп дайынdap, Өкілетті Кеңес төрағасына ұсына алады.
- (3) Өкілетті Кеңес төрағасы ерекше мәселелерді қарастыру үшін қомиссияны немесе Тараптар мемлекеттерден мүше саны бірдей болуы шартымен құралған мүшелерді тағайындай алады.
- (4) Университеттің барлық денгейіндегі қызметкерлер тексеру комиссиясы мүшелерінің сұраған барлық құжаттарын олардың алғашқы талабымен беруге және өздерінен ауызша немесе жазбаша талап етілген ақпаратты уақытында беруге міндетті.
- (5) Тараптар мемлекеттер тексеру комиссиясынан тыс, ұлттық заңнамаларына сәйкес жылына бір рет Өкілетті Кеңес төрағасының макұлдауымен жоспардан тыс тексеру жүргізе алады.



УШІНШІ БӨЛМ
Соңғы және басқа да ережелер

Төлемдер

6-бап. (1) Тексеру комиссиясы мүшелерінде төленетін жол ақысы мен іс-сапар шығындарына қатысты ережелер мен тәртібі Жарғы бойынша Іс-сапар шығындары регламентінде белгіленген тәртіп негізінде университет бюджетінен төленеді.

Күші жойылған ережелер

7-бап. (1) Осы регламенттің күшіне енгеннен кейін 13 наурыз 1995 жылғы Өкілетті Кеңестің З-мәжілісінде (№9.3 шешім) қабылданған «Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Каржы тексеру регламенті» өз күшін жояды.

Күшіне ену

8-бап. (1) Осы регламент 2012 жылы 01 сәуірде өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

9-бап. (1) Осы регламент ережелерін Өкілетті Кеңес төрағасы жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің

Күні: 02/ 06 / 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.5
---------------------	--------------	----------------



3 / 3